

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 485 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы САУДА ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ ТУРАЛЫ

Осы Заң сауда қызметін реттеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді және көрсетілген салада сауда қызметі субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеудің ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыртқы сауда (сыртқы сауда қызметі) - Қазақстан Республикасы аумағынан тауарлар әкетумен және/немесе Қазақстан Республикасы аумағына тауарлар әкелумен б а й л а н ы с т ы с а у д а қ ы з м е т і ;

2) ішкі сауда (ішкі сауда қызметі) - Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге а с ы р ы л а т ы н с а у д а қ ы з м е т і ;

3) жекелеген тауарларды әкетуге және/немесе әкелуге мемлекеттік монополия - тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуге және/немесе әкелуге халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметімен немесе конкурстық негізде айқындалған өкілетті шаруашылық субъектілерінің құқы түрінде жүзеге асырылатын сауда қызметін реттеудің тарифтік емес әдісі;

4) тауарларды әкету және/немесе әкелуге тиым салу немесе шектеу - тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және/немесе импортына тиым салуға немесе шектеуге бағытталған сыртқы сауда қызметін реттеудің тарифтік емес әдісі;

5) тауарларды әкету және/немесе әкелудің сандық шектеулері - тауарларды әкетуді және/немесе әкелуді жүзеге асыратын сауда қызметінің субъектілеріне квота бөлу және лицензия беру жолымен әкелетін және/немесе әкетілетін тауарлардың жекелеген

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңмен көзделгеннен өзге ереже белгіленсе, онда, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

3-бап. Сауда қызметін реттеудің мақсаттары мен принциптері

1. Сауда қызметін реттеудің мақсаттары:

- 1) сауда қызметін реттеудің негізгі бағыттарын айқындау;
- 2) Қазақстан Республикасында сауда қызметін дамытуға және жетілдіруге жәрдем ету ;
- 3) Қазақстан Республикасының әлемдік сауда жүйесіне ықпалдасуы үшін жағдайлар жасау болып табылады .

2. Сауда қызметін жүзеге асыру мына принциптерге негізделеді: 1) сауда қызметіне қатысушылардың теңдігі;

- 2) мемлекеттік органдардың сауда қызметіне заңсыз араласуын болдырмау;
- 3) еркін және тең кәсіпкерлікті қолдау;
- 4) отандық тауар өндірушілерді және сауда ұйымдарын экономикалық қорғау шараларын жүзеге асыру ;

5) саудадағы қызмет көрсетудің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету;

6) мемлекеттің сауда қызметі түрлерін тең еркін таңдауын және оны сауда қызметінің барлық субъектілерінің жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі;

7) тұтынушылардың, сауда қызметі субъектілерінің және мемлекеттің құқы мен заңды мүдделерін тең дәрежеде қорғауды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретіндегі мемлекеттік сауда саясаты бірлігі және сауда қызметін мемлекеттік реттеудің экономикалық шаралар басымдығы.

4-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының барлық аумағында әрекет етеді және сауда қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын қатынастарға және меншік нысандарына қарамастан барлық субъектілерге қолданылады.

2. Осы Заңның күші арнайы заңнамалық кесімдермен реттелетін валюта, бағалы қағаздар, мұнай мен мұнай өнімдері, жер, бағалы металдар мен тастар, этил спирті мен алкоголь өнімдері және астық, дәрілік құралдар мен басқа да тауарлар саласындағы қатынастарға қолданылмайды. Арнайы заңнамалық актілермен реттелмейтін және оларға қарама қайшы емес қатынастар бөлігі осы Заңның нормаларымен реттеледі.

2-тарау. САУДА ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

5-бап. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу

1. Халықтың тауарларға қажетін қанағаттандыруға, сауда қызметін көрсету және қоғамдық тамақтануды ұйымдастыруға, сауда инфрақұрылымын дамытуға, сауда қызметі субъектілерінің және сатып алушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған, мемлекет жүзеге асыратын шаралар кешені сауда қызметін мемлекеттік реттеу деп т ү с і н і л е д і .

2. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу міндеттері:

1) мемлекеттің экономикалық мүдделерін және Республикасының азаматтарын қ о р ғ а у ;

2) сауда қызметі субъектілері үшін тең мүмкіндіктер жасау;

3) сауда қызметін тиімді дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) ішкі рынокты қауіпсіз және сапалы тауарлармен толықтыру үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ отандық тауарларды шетел рыноктарына жылжыту.

6-бап. Сауда қызметін мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістері

1. Сауда қызметін реттеу нысандары:

1) сауда қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындау;

2) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар өтімінің ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а у ;

3) сауда қызметінің дамуын ынталандыру;

4) сауда қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау;

5) халықаралық экономикалық санкцияларға қатысу болып табылады.

2. Сауда қызметін мемлекеттік реттеу әдістері:

1) сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу;

2) сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу;

3) тауарлар сатуды тоқтата тұру және/немесе тиым салу;

4) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық шаралар қолдану;

5) сауда қатынастарын реттейтін жаңа нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу және қолданыстағы кесімдерді жетілдіру;

6) халықаралық экономикалық санкцияларға қатысу;

7) сауда қызметі субъектілерін қолдау шараларын қолдану;

8) трансферттік бағалар қолдану кезінде бақылауды жүзеге асыру;

9) сауда қызметі мониторингі.

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) бірыңғай мемлекеттік сауда саясатын жүргізеді;
- 2) мемлекеттік сауда саясатының бағдарламасын бекітеді;
- 3) Қазақстан Республикасының ішкі рыногын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды;
- 4) әкелінетін және әкетілетін тауарларға кедендік баж салығының ставкаларын б е л г і л е й д і ;
- 5) сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шаралары жүзеге асатын тауарлардың тізбесін бекітеді;
- 6) тауарлардың ішкі және басқа түрлерінің тәртібін бекітеді;
- 7) сауда қызметі саласындағы шетелдік мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара әрекетті және Қазақстан Республикасының шетелдерде өкілеттіктерін ашуды жүзеге асырады.
- 8) сауда қызметі саласындағы үкіметаралық келіссөздерге және халықаралық шарттарға қол қоюды жүргізу туралы шешім қабылдайды;
- 9) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органды айқындайды;
- 10) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық кесімдерінде көзделген сауда қызметін реттеу саласындағы өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыры

1. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган:
 - 1) сауда қызметі саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
 - 2) сауда қызметі мониторингін жүзеге асырады;
 - 3) сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларын қолдану жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і ;
 - 4) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарлар өндірісі және өткізу үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
 - 5) ішкі сауда объектілерін құру мен олардың қызметіне рұқсат беру тәртібін б е к і т е д і ;
 - 6) орталық және жергілікті атқарушы органдардың сауда қызметі саласындағы қ ы з м е т і н ү й л е с т і р е д і ;
 - 7) сауда қатынастарын жетілдіру мақсатында қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлер мен азаматтардың ұсыныстарын т а л д а й д ы ж әне з е р д е л е й д і ;
 - 8) республикалық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге бастамашылық етеді;
 - 9) халықаралық сауда ұйымдарымен келіссөздер барысында өз құзыры мен берілген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан

а л а д ы ;

10) тауарлардың әкелімі мен (немесе) әкетімі операцияларын лицензиялауды жүзеге а с ы р а д ы ;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге а с ы р а д ы .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар сауда қызметін реттеу саласындағы өкілетті органмен келісе отырып, сауда қызметін реттеуді қозғайтын, нормативтік-құқықтық және өзге актілер қабылдайды.

9-бап. Облыстық әкімдігінің құзыреті (республикалық мәндегі қалалар, астана)

Облыстық әкімдік (республикалық мәндегі қалалар, астана):

- 1) мемлекеттік сауда саясатын іске асыруға қатысады;
- 2) сауда қызметін дамыту жөнінде өңірлік бағдарламалар әзірлейді;
- 3) тиісті аумақта сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар ә з і р л е й д і ;
- 4) сауда қызметі саласында қалалық, аудандық жергілікті атқарушы органдардың ж ұ м ы с ы н ү й л е с т і р е д і ;
- 5) облыстық көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастырады;
- 6) облыстар арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастырады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Аудандық (облыстық мәндегі қалалар) әкімдіктердің құзыреті

Аудандық (облыстық мәндегі қалалар) әкімдіктер:

- 1) мемлекеттік сауда саясатын іске асыруға қатысады;
- 2) тиісті аумақта сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау бойынша шаралар ә з і р л е й д і ;
- 3) қалалық (аудандық) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастырады;
- 4) сауданы жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес о р ы н д а р б ө л е д і ;
- 5) өз құзыры шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 6) сауда қызметі саласындағы бақылауды жүзеге асырушы органдардың қызметін ү й л е с т і р е д і ;
- 7) сауда қызметі саласында аудандық мәндегі қалалар, кенттер, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің жұмысын үйлестіреді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11-бап. Аудандық мәндегі қалалар, кенттер, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің құзыреті

Аудандық мәндегі қалалар, кенттер, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтер ә к і м д е р і :

- 1) мемлекеттік сауда саясатын іске асыруға қатысады;
- 2) тиісті аумақта сауда қызметі субъектілерінің қызметін бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12-бап. Сауда қызметі саласында баға жасау

Сауда қызметінің субъектілері тауарлардың бағасын дербес айқындайды. Бағаны мемлекеттік реттеуге тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол беріледі.

3-тарау. ІШКІ САУДА

13-бап. Ішкі сауда объектілері мен түрлері

1. Сауда объектілері және қоғамдық тамақтану объектілері ішкі сауда объектілеріне ж а т а д ы .

2. Ішкі сауда объектілеріне:

- 1) сауда автоматы - тауарларды зауыттық бумамен даналап сатуға арналған автоматтандырылған қ он д ы р ғ ы ;
- 2) жылжымалы сөре - әдейі бөлінген орында орналасқан жеңіл орнатылатын тасымалды немесе ауыспалы сауда орны;
- 3) автодүкен - сауда жабдықтарымен жарақталған күрделі емес тасымалды құрылыс ;
- 4) шатыр - арнайы белгіленген орында орналасатын, жинамалы-бұзылмалы конструкциядан жасалған, жеңіл жасақталатын құрылыс;
- 5) дүңгіршек - арнайы бөлінген жер учаскесінде орналасқан, сауда құрал жабдығымен жарақталған, күрделі емес тасымалды құрылыс;
- 6) дүкен - сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, сондай-ақ тауарларды қабылдау, сақтау және сатуға дайындайтын үй-жайлармен қамтамасыз етілген күрделі құрылыс н е м е с е о н ы ң б ө л і г і ;

7) сауда үйі - белгілі аумақта тауар сатуға арналған, сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлары бар және өз аумағы шекарасында автомашиналарға тұрақ ұсынатын, сауда объектілерінің жиынтығы орналасқан, біртұтас басқарылатын к ү р д е л і т ұ р а қ т ы қ ұ р ы л ы с ;

8) сауда рыногы - аумақта шаруашылық қызмет көрсетудің, басқару және күзеттің орталықтандырылған функциясы бар, тұрақты негізде әрекет ететін, жергілікті атқару органдары айқындаған жер телімінде, маңындағы аумақтан оқшау орналасқан және заңды және жеке тұлғалардың 10 күн мерзіміне дейін орынды жалға алу шартын жасау міндетті емес жағдайда тауарлар (жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер) сатуын жүзеге асыруға арналған жабдықталған мүліктік кешен.

Сауда базарлары қызметін ұйымдастыру тәртібін олардың түрлерін, санаттарын және оларға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Қоғамдық тамақтандыру объектілері мынадай санаттарға бөлінеді:

1) бірінші санат - даяршылардың қызмет көрсетуін міндетті түрде ұсынатын, күрделі дайындалатын астардың, тапсырыстық және фирмалықтарды қосқанда, сондай-ақ алкогольдік өнімдердің ассортиментін ұсынатын қоғамдық тамақтандыру ж ә н е д е м а л ы с о б ъ е к т і с і ;

2) екінші санат - даяршылардың қызмет көрсетуін міндетті түрде ұсынатын, қарапайым дайындалатын астардың, сондай-ақ алкогольдік өнімдердің ассортиментін ұ с ы н а т ы н қ о ғ а м д ы қ т а м а қ т а н д ы р у ж ә н е д е м а л ы с о б ъ е к т і с і ;

3) үшінші санат - тұтынушыларға тіскебасар, десерт және кондитерлік тағамдарын, сондай-ақ алкогольді өнімдерді ұсынатын, қоғамдық тамақтандыру және демалыс о б ъ е к т і с і ;

4) төртінші санат - алкогольді өнімдерді қоспағанда, қарапайым алатын астарды ұсынатын тұтынушылар өздеріне өздері қызмет көрсететін, қоғамдық тамақтандыру о б ъ е к т і с і .

4. Сауда объектісінің мамандануын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан өзге, оның меншік иесі санитарлық-эпидемиологиялық орган қызметімен келісе отыра, айқындайды.

5. Көтерме бөлшек сауданы және қоғамдық тамақтануды жүзеге асыруға, сондай-ақ ішкі сауда объектілеріне қойылатын тәртіптер мен талаптары, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық, өртке қарсы, ветеринарлық, құрылыс нормалары мен ережелері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталады.

14-бап. Көтерме сауда

1. Көтерме сауда мамандандырылған немесе аралас, қолайлы орын бар жағдайда бөлшек сауда жүзеге асатын орындардан, дүкен, сауда үйі және базарлардан бөлек

орындарда жүзеге асырылады.

2. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде сауда объектілерінің меншік иелері тауарларды тасымалдау, сақтау және өткізу үшін, қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптер мен нормаларға, сондай-ақ басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуі тиіс.

3. Сату-сатып алу жөніндегі шарт жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

15-бап. Бөлшек сауда

1. Бөлшек сауда дүкендер, сауда үйлері, базарлар және автоматтар, дүңгіршектер, автодүкендер, шатырлар, көшпелі сөрелер арқылы жүзеге асады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамаларында немесе шартта өзге жай белгіленбесе, болмаса тауардың болмысынан туындамайтын болса, бөлшек сауда кезінде тауардың әр бірлігі орамалануы тиіс.

3. Сатып тұрған жерде тауарларды көрмелік қою, олардың үлгілерін көрсету немесе сатылатын тауарлар туралы мәліметтер беру (сипаттау, каталогтар, фотосуреттер т.с.с.) егер сатушы тауардың сатуға арналмағанын анық білгеннен өзге, жағдайда оның бағасының көрсетілгеніне және басқа да сату-сатып алу шарттарының маңызды жағдайларына қарамастан, көпшілік алдында жарнамалау болып танылады.

16-бап. Қоғамдық тамақтану

1. Тамақ өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сатумен байланысты қызмет тамақтану объектілері арқылы жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық тамақтану объектілерінде келермендерге ас мәзірін ұсынуы мәзірде көрсетілген қоғамдық тамақтандыру тауарларының бөлшектік сату-сатып алу шартын жасауға ұсыныс (көпшілікке арналған оферта) болып танылады.

3. Қоғамдық тамақтандыру объектілердің қызметін жүзеге асыруға қойылатын жалпы талаптарды сауда қызметін реттеу саласындағы өкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

17-бап. Сауда қызметінің сату-сатып алу шарты

1. Сату-сатып алу шартын жасау тәртібі мен шарттары, сондай-ақ сатушылар мен сатып алушылардың құқықтары мен міндеттері осы Заңда белгіленген ерекшеліктер есепке алына отыра, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

2. Қандай-да бір тауарды сату кезінде заңнамамен жас бойынша шектеу қойылса, егер сатып алушы өзінің жасын растайтын құжат көрсетпесе онда сатушының тауар с а т у д а н б а с т а р т у қ ұ қ ы б а р .

3. Көтерме сату-сатып алу шарты жеткізу шартының бір түрі болып табылады, бұл жағдайда сауда қызметінің субъектілері тауарларды сауда объектілерінен өткізеді.

4-тарау. СЫРТҚЫ САУДА

18-бап. Сыртқы сауда қызметін дамыту жөніндегі шаралар

Сыртқы сауда қызметін дамыту жөніндегі мемлекеттік шаралар:

- 1) экспорттық несиенің кепілдемесі және оны сақтандыру жүйесін қолдануды қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 2) сыртқы сауда қызметін дамытуға ықпал ететін сауда көрмелері мен жәрмеңкелер және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру;
- 3) сыртқы сауда ақпараты мен ақпараттық-кеңес беру қызметі жүйесін құруды қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 4) сыртқы сауда қызметін ынталандыру мен көтермелеудің басқа да нысандарын іске асыру.

19-бап. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу

Тауарларды әкелу мен әкету жөніндегі, оның ішінде Қазақстан Республикасының ішкі рыногын қорғауға арналған операциялар реттеу және Қазақстан Республикасының экономикасындағы ілгерлемелі құрылымдық өзгерістерді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен халықаралық шарттарына сәйкес импорттық және (немесе) экспорттық кедендік бажы анықталады.

20-бап. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік емес реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін реттеудің тарифтік емес әдістеріне:
 - 1) тауарларды әкету және/немесе әкелуге сандық шектеу;
 - 2) тауарларды әкету және/немесе әкелуге тиым салу және шектеу;
 - 3) халықаралық экономикалық санкцияларды орындауға қатысу;
 - 4) тауарларды әкету және/немесе әкелуге мемлекеттік монополия;
 - 5) техникалық, фармакологиялық, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық және экологиялық стандарттар, нормалар мен талаптар, енгізілетін тауарлар сапасын б а қ ы л а у ж а т а д ы .
2. Сыртқы сауда қызметін реттеудің тарифтік емес әдістерін қолданудың шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі шетел мемлекеттері Қазақстан

Республикасының немесе отандық тауар өндірушілердің мүдделерін бұзатын шаралар қабылдаған жағдайда, сондай-ақ олардың халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы алдында қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, халықаралық шарттарда белгіленген кеңестер мен ресімдер жүргізілгеннен кейін және халықаралық құқықтың жалпы танылған нормаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының немесе отандық тауар өндірушілердің мүдделерін тиімді қорғауға қажетті шекте жауаптық шаралар ретінде сыртқы қызметті реттеудің тарифтік емес шарасын қолдану құқы бар.

21-бап. Тауарлардың экспорты және/немесе импортына сандық шектеу

1. Жекеленген тауарларды әкету және/немесе әкелуді сандық шектеу мына қажеттіліктерге байланысты енгізілуі мүмкін:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 3) ішкі рынокты қорғау;

4) басқа мемлекеттердің отандық тауарларға қатысты кемсітушілік шектеу қолдануына жауап беру шараларын енгізу;

2. Үлесті өз өкілеттігі шегінде өндіріс пен өнімдердің жекелеген түрлерінің айналымын реттеуді жүзеге асыратын органдар бөледі. Үлесті бөлу әдетте конкурс немесе аукцион өткізудің немесе үлестің жиынтық орындалуына дейінгі әкету және/немесе әкелу бойынша операциялардың нақты жүргізілуі тәртібінде жүзеге асырылады.

3. Әкету және/немесе әкелуге қатысты сандық шектеу енгізілетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

22-бап. Тауарларды әкетуге және/немесе әкелуге тиым салу немесе шектеу

1. Тауарларды әкету және/немесе әкелуге тиым салу немесе шектеу қажеттілікке байланысты енгізіледі:

- 1) құқық тәртібін сақтау;
- 2) адамдардың өмірі мен денсаулығын, жан-жануарлар мен өсімдік әлемі және қоршаған ортаны жалпы қорғау;
- 3) Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдени мұраларын сақтау;
- 4) мәдени құндылықтарды заңсыз әкету, әкелуден және олардың меншіктік құқын беруден қорғау;

5) орны толмас табиғи ресурстардың таусылуының алдын алу қажеттілігі; егер шаралар осыған байланысты болса ішкі өндіріс пен тұтыну шектеулері бір мезгілде

ж ү р г і з і л е д і ;

6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

7) төлем балансын қолдау;

8) халықаралық міндеттемелерді орындау.

2. Жекеленген тауарларды әкету және/немесе әкелуді шектеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тауарларды әкету және/немесе әкелуді лицензиялау немесе тауарларды әкету және/немесе әкелу кезінде басқа да рұқсат ететін құжаттардың талаптары арқылы енгізіледі.

3. Тиым немесе шектеу енгізілетін тауарларды әкету және/немесе әкелуге қатысты тізбені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

23-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық санкцияларға қатысуы

Қазақстан Республикасының бір мемлекет немесе бірқатар мемлекетке қатысты халықаралық экономикалық санкцияларға қатысуы, бұл санкциялардың күшіне енуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

24-бап. Тауарлардың экспорты мен импортына мемлекеттік монополия

1. Тауарларды әкету және/немесе әкелуге мемлекеттік монополия тауарлардың әкету және/немесе әкелуді лицензиялау жолымен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік монополия енгізілетін тауарларды әкету және/немесе әкелуге арналған, мемлекеттік қауіпсіздік, құқық тәртібін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға байланысты лицензиялауға жататын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Мемлекеттік монополия енгізілетін жекеленген тауарларды әкету және/немесе әкелуді жүзеге асырылу үшін кемсітпеушілік пен адал коммерциялық практика принциптері негізінде әкету және/немесе әкелу операцияларын жасауға тиіс халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған мемлекеттік мекемелерге лицензия беруді Қазақстан Республикасының Үкіметі береді немесе конкурстық негізде беріледі.

25-бап. Тауарлардың импорты кезінде қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралар қолдану

Қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралар қолдану шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

5-тарау. САУДАНЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

26-бап. Аукциондық сауда

1. Тауарларды сатудың аукциондық саудасы көпшіліктік сауда жүргізу арқылы жүзеге асады.

Тауардың бастапқы бағасы сатушының сауда жасау сәтіндегі тауардың рыноктік құнына байланысты айқындалады, ақтық бағаны сатып алушы сауда жүргізу нәтижесінде айқындайды.

2. Аукциондық сауда жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңдылықтарымен реттеледі.

27-бап. Комиссиондық сауда

1. Комиссиондық сауда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес реттеледі.

2. Есептер тәртібі мен сыйақы көлемі бөлшектік комиссия шартының маңызды жағдайы болып табылады, бұл тұста тауар бағасын комитент, ал сыйақы көлемін-комиссионер белгілейді.

3. Егер шартта басқа жағдай көзделмеген болса, шартта белгіленген мерзім ішінде тауар өтпеген жағдайда комиссионер тауар бағасын комитент айқындаған соманың 20 пайызынан төмен емес көлемде азайта алады, бұл жағдайда сыйақы көлемі комиссиондық тауарлар бағасының өзгеруіне көлемдес азаяды.

28-бап. Тапсырыс бойынша сауда

1. Тапсырыс бойынша сауда сатушының тауар туралы жарнама және ақпарат таратудың басқа да әдістері негізінде мәліметтер ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

Тапсырыс бойынша тауарларды сату жиынтық (қалыпты) жіберілім арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Жиынтық (қалыпты) жіберілім әртүрлі тауарлардың жинақталымы болуы мүмкін.

2. Тапсырыс бойынша сауда осы қызмет субъектілерінің тікелей сатып алушыдан көшпелі сауда орындарында, пошталық тапсырысы бойынша тауарларды беру және (немесе) қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

3. Тапсырысты қабылдау және оны орындау жөніндегі қызмет көрсету бағасын сатушы айқындайды және оны сатып алушы тауар үшін есеп айырысу кезінде төлейді.

4. Тауарларды тұрғылықты жерлер шегінде жеткізу қолма қол жүзеге асады, басқа орындардан жеткізу көлік немесе пошта ұйымдарымен шарт жасасу арқылы жүзеге

а с у ы

м ү м к і н .

Тауар басқа тұрғылықты жерден жеткізілген жағдайда тауар үшін есеп айырысу, сондай-ақ көлік немесе пошта ұйымдарының қызметтерін төлеуді сатушы агенті жүзеге асырады.

5. Егер тапсырыс беруші тапсырыстан бас тартқан жағдайда тапсырыс беруші сатушыға тауарды тапсырыс берушіге және кері қарай тасымалдау қызметінің төлемін өтеуі тиіс.

29-бап. Шекара маңындағы сауда

1. Шекара маңындағы сауда Қазақстан Республикасының шекара маңы мен шектес мемлекеттің тиісті шекара маңы аумағындағы жеке және заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылады.

2. Шекара маңындағы сауданы жүзеге асыру тәртібі сауда қызметін реттеу саласындағы, уәкілетті орган әзірлеген ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттері арасындағы белгілі бір халықаралық шарттар жағдайына сәйкес айқындалады.

30-бап. Көшпелі сауда

1. Көшпелі сауда белгілі бір аумақта жоқ немесе жеткіліксіз мөлшерде сатылатын тауарларға қажеттілікті қанағаттандыру үшін, болмаса осы аумақтарда сауда объектісі болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Сауда қызметінің субъектілері көшпелі сауданы тұрғылықты жерлерден тыс көшпелі сауданы жүзеге асырудан өзге жағдайларда, жергілікті атқару органдары белгілеген, арнайы бөлінген орындарда жүзеге асырады.

3. Көшпелі сауда автодүкендер мен шатырларда жүзеге асады.

31-бап. Көрме-жәрмеңкелер сауда

1. Көрме-жәрмеңкелер сауда орталық атқару органдарының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің немесе жергілікті атқару органдарының рыноктағы жағдаятты зерделеу, тауарларды сатып алу-сатуды ұйымдастыру, шарт жасауға және жана сауда байланыстарын орнатуға көмек көрсету мақсатында көрме және жәрмеңке ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады. Көрме-жәрмеңкелік сауда тауар үлгілерін көрсетумен байланысты.

2. Сауда қызметі субъектілерінің қоғамдық орындарда көрме-жәрмеңкелік сауда өткізуі тиісті аумақтың жергілікті атқару органдарымен сауданы өткізу орны және уақытын келісу жолымен жүзеге асырылады.

32-бап. Электрондық сауда

1. Электрондық сауда оған қатысушылардың келісім (шарт) негізінде байланыстың электронды құралдарын пайдалана отырып, тауарларды сатып алу-сатуға сауда мәмілесін жасауы жолымен жүзеге асады.

2. Электрондық саудаға қатысушылардың құқы мен заңды мүдделерін қорғау сауда қызметінің субъектілері үшін көзделген тәртіпке сәйкес айқындалады.

3. Электрондық сауданы жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық кесімдеріне сәйкес айқындалады.

33-бап. Тауарлардың биржалық саудасы

Биржалық сауда Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6-тарау. САУДА-ӨНЕРКӘСІПТІК ПАЛАТАЛАРЫ

34-бап. Сауда-өнеркәсіптік палаталарды құру және олардың қызметін тоқтату

1. Сауда-өнеркәсіптік палаталар 15-тен кем емес құрылтайшылардың ерікті бірігуі принципі негізінде аймақтық белгі бойынша құрылады.

Құрылтайшылар ретінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар және заңды тұлға құрмай тиісті аумақты тіркелген, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар шығалады.

2. Аумақтық (облыстық және республикалық мәндегі қалалар) сауда-өнеркәсіптік палаталар Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлісіне сәйкес құрылады.

Бір әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыс, республикалық мәндегі қала) тек бір ғана сауда-өнеркәсіптік палата құрылуы мүмкін.

3. Сауда-өнеркәсіптік палата құрылтайшылары жарғы қабылданатын және басқару органдары құрылатын съезд (конференция) немесе жалпы жиналысына шақыртылады.

4. Сауда-өнеркәсіптік палатасын заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. "Сауда-өнеркәсіптік палата" атауын тек осы Заңға сәйкес құрылған ұйымдар ғана пайдалана алады.

6. Сауда-өнеркәсіптік палаталардың қызметі заңнамада белгіленген тәртіпте қайта ұйымдастыру немесе жою жолымен тоқтатылады.

35-бап. Сауда-өндірістік палаталардың міндеттері мен функциялары

1. Сауда-өнеркәсіптік палаталардың міндеттері кәсіпкерлерге өндірісті дамыту және бәсекеге бейім өнімдерді өндіруге көмектесу, шетелдік рынокте қазақстандық тауарларды және қызметтерді жылжыту, экономиканың қолданылуы үшін қолайлы орта қалыптастыру болып табылады.

2. Сауда-өндірістік палаталар:

1) қазақстандық және шетелдік кәсіпкерлердің тапсырыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарлардың сапасы, жасақталуы және шығуына сараптау ұйымдастыруын жүргізеді;

2) шаруашылық субъектілердің тапсырыстары бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырумен байланысты құжаттардың сауда-өнеркәсіптік палаталар әзірлеген тәртіптерге сәйкестігін куәландырады.

36-бап. Сауда-өндірістік палаталардың мүлкі

1. Кіру және мүшелік жарналар, кәсіпкерлік қызмет пен ұсынылатын қызметтен түсетін кірістер, және Қазақстан Республикасы заңнамасында тиым салынбаған басқа да түсімдер сауда-өнеркәсіптік палата мүлкін қалыптастырудың көзі болып табылады.

2. Сауда-өнеркәсіптік палатадан олардың мүшелері шыққан жағдайда төленген жарналар қайтарылмайды және сауда-өнеркәсіптік мүлкіне қатысты талаптары қабылданбайды.

37-бап. Мемлекеттік және сауда-өнеркәсіптік палаталары

1. Мемлекет өз органдары атынан сауда-өнеркәсіптік палаталарымен қолданыстағы заңнама аясында әрекет етеді.

2. Айналым мен халықаралық практиканың іскерлік дәстүрлеріне сәйкес алынбас күш жағдайларымен байланысты басқа сауда құжаттарын, тауардың шығу тегін куәландырады, сауда-өнеркәсіптік палатаға кіретін кәсіпкерлер мен ұйымдарға мемлекеттік емес реестр жүргізеді.

38-бап. Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіптік палаталары

1. Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіптік палаталары Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етеді.

2. Аумақтық (облыстық және республикалық мәндегі қалалар) сауда-өнеркәсіптік палаталары Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіптік палатасының мүшесі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіптік палаталары:

1) өз қызметін осы Заң ережелеріне сәйкес жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасы өткізетін республикалық және халықаралық көрмелерді ұйымдастырады және қатысады және қазақстан кәсіпорындары экспозицияларының ұсынымы бойынша шетелдердегі халықаралық жәрменкелердің ұйымдастырушысы болады ;

3) шетелдердегі өз өкілеттіктерін құрады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдердің қатысуымен сауда-өнеркәсіптік палаталар құруға жол бермейді. Олардың сауда-өнеркәсіптік палаталар өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіптік палатасына мүшелікке қабылдау Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіптік палаталарының шешімімен және осы фирмалар тіркелген шетел-мемлекеттерінің сауда-өнеркәсіптік палаталарының келісімімен жүзеге асырылады.

7-тарау. САУДА ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ТАУАРЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

39-бап. Сауда қызметінің субъектілеріне қойылатын талаптар

Сауда қызметінің субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) тиісті сапасы бар және қауіпсіз тауарларды сатуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтауға;

3) тауарларды сатуды тек сауда объектілері арқылы жүзеге асыруға;

4) сатып алушыға тауардың шығарылған жері, тұтыну қасиеттері, кепілдемелік міндеттемелер және кінәрат қою тәртібі, сондай-ақ өнімді пайдалану және сақтау тәсілдері мен тәртіптері туралы қажетті және сенімді ақпарат беруге;

5) өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес бақыланған бақылау өлшеу аспаптарын сауда объектісінің жалпы көпшілік орнына қоюға ;

6) сатып алушының тауарлардың салмағы, ұзындығы бойынша күмәны болған жағдайда оған көрсетілген сипаттарды бақылау-өлшеу құралдары көмегімен өздігінен тексеру мүмкіндігін беруге ;

7) заң бойынша сертификациялауға жататын тауарларды сату кезінде сатып алушының талабы бойынша оған тауарлардың сертификаттық сәйкестігін (көшірмесін) көрсетуге ;

8) жеке кәсіпкер, болмаса заңды тұлға ретінде тіркелуге;

9) тауарды сату кезінде Қазақстан Республикасының "Бюджетке салық және өзге де міндетті төлемдер туралы" салық Кодексында көзделген жағдайлардан фискалды жады бар бақылау-кассалық машиналарды қолдануға;

10) қауіпсіздік сапаларына жауап бермейтін сапасыз тауарды айналысатын алып т а с т а у ғ а ;

11) мемлекеттік органдардың белгіленген тәртіппен шығарылған ұйғарымнамасын о р ы н д а у ғ а ;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа талаптарын сақтауға міндетті.

40-бап. Тауарларға талап қою

1. Тиісті сапалы, қауіпсіздік талаптарға жауап беретін және белгіленген тәртіпте бекітілген нормативтік құжаттар мен техникалық шарттарға сәйкес тауарлар Қазақстан Республикасының ішкі рыногінде айналымға түсуге жатады.

2. Тауарлар сапасы туралы мәліметтер мынадай ақпараттармен расталады:

- 1) шығарушының тауарлық белгісі;
- 2) тауарларды шығарған ел;
- 3) тауардың құрамы туралы;
- 4) азық-түлік тауарлары үшін - тағамдық құндылығы;
- 5) дайындалу мерзімі;
- 6) сақтау және жарамдық мерзімдері;
- 7) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың көрсетілуі;
- 8) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттамаларға сәйкес өзге де мәліметтер;

Тауардың сапасына берілетін жоғарыда аталған ақпараттар мемлекеттік және орыс тілдерінде заттаңба, зат белгі, қосымша парақтарда мазмұндалады.

Тауарды сақтау және тасымалдау олардың сапасының сақталуын және тұтынушының қауіпсіздігі талаптарының сақталынуы, оның ішінде сақтау шарттарында - арнайы жабдықталған үй-жайлар, тасымалдау шарттарында - осы мақсаттағы арнайы көлік құралдары талаптарын қамтамасыз ететін жағдайда жүзеге асырылуы тиіс және белгіленген жағдайларда бұл талаптардың сақталуы тиісті құжаттардағы жазбалар арқылы расталуы тиіс.

3. Өткізуді жүзеге асыруға тыйым салынады:

- 1) айналымнан алынып тасталған тауарлар;
- 2) арнайы рұқсатсыз айналымы шектеулі тауарлар;
- 3) белгіленген тәртіпте таңбалауға жататын акцизделетін тауарлар, олар болмаған жағдайда акциздік жиын таңбасы;
- 4) осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес емес тауарлар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өткізуге тиым салынатын басқа да тауарлар.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕ

41-бап. Сауда қызметін жүзеге асыруды бақылау

Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыруды бақылауды өкілетті органдар мен басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыры шегінде жүргізіледі.

42-бап. Дауларды шешу

Сауда қызметін мемлекеттік реттеу процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

43-бап. Осы заңды бұзғандық үшін жауапкершілік

Сауда қызметін реттеу туралы заңнаманы бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапты болады.

44-бап. Осы заңды күшіне енгізу туралы

Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және осы Заңның 46-бап ережелері есепке алына отыра, күшіне енгеннен кейін пайда болған құқықтық қатынастарға қолданылады.

45-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заң қабылданғанға дейін тіркелген, өз атауында "сауда-өнеркәсіптік палата" деген сөз тіркесін қолданатын ұйымдар осы Заң талаптарына сай ол күшіне енгеннен соң алты ай ішінде қайта тіркелу жүргізуге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті